

**2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған
іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы) МКҚК
«Алтын бесік» бөбекжайы

Топ ортаңғы «Қарлығаш» тобы

Балалардың жасы 3-4жас

Жоспардың құрылу кезеңі -2022-2023 оқу жылы желтоқсан айы .

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Желтоқсан	Дене шынықтыру	
	Сөйлеуді дамыту	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту.</p> <p>Сөздік қор Сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы(ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы: Сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстыру, зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдану</p> <p>Байланыстырып сөйлеу Ересектердің сөзін тыңдау және түсіну, сөйлеу әдебінің тиісті формаларын дұрыс қолдану.</p>
	Көркем әдебиет	<p>Мәнерлеп оқу Балаларды тақпақтар мен шағын өлеңдері жатқа айтуға үйрету.</p> <p>Шығармаларды қабылдау бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету,</p> <p>Оқу, әңгімелеу Тақпақтарды, өлеңдерді мағыналы, асықпай және дыбыстарды анық айтуға баулу</p> <p>Театр дағдыларын дамыту Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауға баулу.</p> <p>Мазмұндау Оқылған шығармалардан ең қызықты ,мәнерлі</p>

<p>Математика негіздері</p>	<p>Сан Заттарды салыстыру: заттарға қосу немесе заттардан алу тәсілдері арқылы тең және тең емес заттар тобын салыстыру, «Тең бе?», «Қайсысы артық (кем)?» сауалдарына жауап беру.</p> <p>Шама Екі затты өлшемі бойынша (ұзын-қысқа, биік-аласа, артық-кем) салыстыру. Өлшемдері қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру, заттарды салыстыруда шаманың берілген белгісі бойынша (ұзындығы, ені, биіктігі, жалпы шамасы бойынша) бір затты екінші затпен беттестіру және жанына қою тәсілдері арқылы салыстыру, салыстыру нәтижелерін ұзындығы бойынша ұзын-қысқа, бірдей, тең, ені бойынша кең-тар, бірдей, тең, биіктігі бойынша биік-аласа, бірдей, тең, жалпы шамасы бойынша үлкен-кіші сөздерімен белгілеу</p> <p>Геометриялық фигуралар Балаларды геометриялық фигуралармен: үшбұрыш, шаршы, дөңгелекпен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру.</p> <p>Кеңістікті бағдарлау. Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтау: үстінде-астында, алдында-артында, оң-сол.</p> <p>Уақытты бағдарлау. Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау: күндіз-түнде, таңертең-кешке</p>
<p>Қоршаған ортамен таныстыру</p>	<p>Бала, оның отбасы, үйі: Балаларды отбасы бейнеленген фотосуреттерді карауға, отбасы мүшелерін, олардың іс-әрекеттерін атауға, өзінің отбасы, отбасылық қарым-қатынас туралы әңгімелеп беруге, жақындарына қамқорлық танытуға, оларға өзін жақсы көргені, қамқор болғаны үшін ырзашылық білдіруге баулу.</p> <p>Заттық әлем. Қоршаған ортаны қабылдау, кеңістікті бағдарлауға үйрету.</p> <p>Көлік, байланыс құралдары Көлік құралдарының түрлерімен және ауада</p>

		<p>ұшатын қозғалыс құралдарымен таныстыру.Жаяу жүргіншілерге және жолаушыларға арналған қарапайым ережелермен таныстыру.</p> <p>Еңбекке баулу Өзінің, құрдастарының шығармашылық жұмыстарының нәтижелеріне, суреттеріне, бұйымдарға құрметпен қарауға, оларға ұқыптылықпен қарауға баулу.</p> <p>Адамгершілікке баулу Балаларда жақсы және жаман әрекеттер, қылықтар туралы қарапайым түсініктерді дамыту, әлеуметтік және эмоционалды интеллекті тәрбиелеу: балалардың назарын адамның жеке қасиеттеріне (мейірімді, жанашыр, қамқор, сезімтал және іскер, еңбекқор, ұқыпты) аудару, жақсы және жаман әрекеттерді дұрыс бағалау тәжірибесін қалыптастыру</p> <p>Менің Отаным-Қазақстан Балалар тұратын қала мен ауыл,Қазақстан Республикасының астанасы,мемлекеттік рәміздері туралы білімдерін қалыптастыру.Қазақ халқының дәстүрлі киіз үйімен таныстыру.Балаларды айналасындағы ересектердің жақсы көретінін,оғн әрқашан қамқорлық танытатынын білдіре отырып,өзінің туған жеріне,Отанына деген сүйіспеншілік сезімін ояту.</p>
Құрастыру		<p>Құрастыруда бөлшектерді орналастыру және кірпіштерді қалау,пластиналарды тік бағытта және көлденең орналастыру тәсілдерін қолдану,ірі және ұсақ құрылыс материалдарынан,үлгі бойынша ,ойдан құрастыру.</p> <p>Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауға,қауіпсіздікті сақтауға,ұқыптылыққа баулу.</p>
Сурет салу		<p>Сурет салу кезінде қарындашты, қылқаламды қатты қыспай дұрыс ұстауды үйрету</p>
Мүсіндеу		<p>Кесектерді алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылы заттарды мүсіндеу (ыдыстар, ойыншықтар</p>
Жапсыру		<p>ойдан немесе берілген тапсырма бойынша заттардың бейнесін жасау, содан соң пайда болған бейнені қағазға жапсыру.</p>

	Музыка	Тақырып: «Менің Қазақстаным»
		<p>Музыка тыңдау: Балалар аспаптарының, музыкалық және шулы ойыншықтардың дыбысталуын ажыратады. Ересектердің орындауындағы және аудио-бейне үн таспадан музыка тыңдау.</p> <p>Ән айту: Ересектермен бірге ән салу, аспаптың сүйемелдеуіндегі даусына бейімделу дағдыларын қалыптастыру.Сылдырмақтарды тыңдау және олардың дыбыстау динамикасын ажырату.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Таныс би қимылдарын қайталай білу жұптаса отырып би қимылдарын орындау, жануарлардың би қимылдарын ұқсату.</p>